АУЫР АТЛЕТТЕР ВАДА-НЫҢ «ҚАҺАРЫНА» ҰШЫРАП ОТЫР

→2

«АСТАНАНЫҢ» АЛҒАШҚЫ ҰПАЙЫ

→5

КӨПТЕН КҮТКЕН ЖЕҢІС

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады | *Республикалық апталық* | ***qazaqsporty.kz*** | *№11 (5362) 31 наурыз 2022 жыл* | *Газет бейсенбі күні шығады* | *kazakh_sporty@mail.ru*

ТЕННИС РАКЕТКАСЫНА ҚОЛТАҢБА ЖАЗЫП БЕРДІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖҰМЫС САПАРЫ АЯСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БАРЛЫҚ ТАЛАБЫНА САЙ КЕЛЕТІН АЛМАТЫДАҒЫ ЖАҢА ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ОРТАЛЫҒЫН АРАЛАП КӨРДІ.

Президентке спорт кешенінің инфрақұрылымы таныстырылды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы жас спортшы қызбен теннис ойнады. Соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жас спортшыларға сәттілік тілеп, теннис ракеткасына қолтаңба жазып берді.

Заманауи орталықта жарыс өткізетін 12 және жаттығу жасайтын 24 үстел бар. Зал үстел теннисіне қажетті алты автоматты тренажермен, кәсіби бейне және аудио құрылғылармен, көрермендерге арналған 328 орындықты трибунамен жабдықталған, деп хабарлады akorda.kz.

ЖҮЙКЕ ЖҰҚАРТҚАН ПЕНАЛЬТИ СЕРИЯСЫ

ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ ҰЛТТАР ЛИГАСЫНЫҢ «С» ДИВИЗИОНЫНДА ҚАЛАТЫН БОЛДЫ.

Андрей Карпович шәкірттері бұған дейін Кишиневте 2:1 есебімен жеңіске жеткен. Ал елордадағы қарымта ойында 0:1 есебімен есе жіберді. Сосын ойын тағдыры пенальти сериясында шешілді. Футбол лотереясында Қазақстан қақпашысы Игорь Шацкий ерлік танытып, құраманы қиын сәтте алып шықты.

Енді Қазақстан Ұлттар лигасының жаңа маусымында «С» дивизионында ойнайды. Қарсыластарымыз – Әзірбайжан, Словакия, Беларусь құрамалары.

ҚАЗАҚСТАН – МОЛДОВА – 0:1
(пенальти сериясынан – 5:4) (жалпы есеп – 2:2)

Гол: Игорь Армаш, 13

Қазақстан: Игорь Шацкий, Гафуржан Суюмбаев (Тимур Досмағамбетов, 46), Нұрәлы Әліп (Абзал Бейсебеков, 103), Сергей Малый, Александр Марочкин, Марат Быстров (Бағдат Қайыров, 66), Асхат Тағыберген (К) (Георгий Жуков, 103), Исламбек Қуат, Владислав Васильев (Айбар Жақсылықов, 66), Бактиер Зайнутдинов, Абат Айымбетов (Айбол Әбікен,116);

Молдова: Дорин Райлян, Олег Рябчук, Вячеслав Посмак, Вадим Болохан (Артур Крачун, 64), Игорь Армаш, Иоан-Кэлин Ревенко, Артур Ионица (К), Михай Платика (Дмитрий Мандрыченко, 69), Вадим Раца – Михаил Каймаков, Ион Николаеску

Төреші: Иван Кружляк (Словакия);

29 наурыз, 2022 жыл. Сағат 20:00. Нұр-Сұлтан, Қазақстан, «Астана Арена».

(Молдова – Қазақстан арасындағы алғашқы ойын жайлы мақаланы 8-беттен оқи аласыздар)

БАСПАСӨЗ-2022

Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

*Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, **«Қазақ спорты»** газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.*

Сүйікті газеттеріңізді жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

*«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190,** кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190.***

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»

Индексі	**Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу**	**1 ай (2 ай)**	**3 ай (4 ай)**	**6 ай**	**12 ай**	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»

64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»

64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»

64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

НАДЕЖДА ДУБОВИЦКАЯ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІЛ АТЛЕТТЕРІ ЖАБЫҚ ҒИМАРАТТАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ҮЗДІКСІЗ ҚАТЫСУДА. БІРАҚ ОЛЖАҒА КЕНЕЛГЕН КЕЗДЕРІМІЗ СИРЕК. БҰЛ ЖОЛЫ БАҒЫМЫЗ ЖАНЫП, БІР ЖҮЛДЕГЕ ҚОЛЫМЫЗ ЖЕТТІ. ЖАҚЫНДА СЕРБИЯНЫҢ АСТАНАСЫ – БЕЛГРАДТА ӨТКЕН ЖАРЫСТЫҢ БИІККЕ СЕКІРУШІЛЕРДІҢ САЙЫСЫНДА 1 МЕТР 96 САНТИМЕТРЛІК МЕЖЕНІ БАҒЫНДЫРҒАН НАДЕЖДА ДУБОВИЦКАЯ ҚОЛА МЕДАЛЬДЫ МОЙНЫНА ІЛДІ. ЖЕРЛЕСІМІЗ УКРАИНАЛЫҚ ЯРОСЛАВА МАГУЧАЯ МЕН АУСТРАЛИЯЛЫҚ ЭЛЕОНОРА ПАТТЕРСОННАН ҒАНА ҚАЛЫП ҚОЙДЫ.

Аталған жарыстың тұсауы 1985 жылы Францияның астанасы – Парижде кесілді. Кеңес Одағы ыдырағанға дейін төрт әлем чемпионаты ұйымдастырылды. Соның үшеуінде жалпы есепте КСРО құрамасы жеке-дара көш бастады. Сол команданың сапында өнер көрсеткен қазақстандық Григорий Егоров 1989 жылы Будапештте күміс медальды иеленді. Олимпия ойындарының қола жүлдегері деген атағы бар Шымкенттің сырықпен секірушісі 5 метр 80 сантиметрлік нәтиже көрсетті. Бас жүлде ташкенттік Радион Гатауллинге бұйырды. Ол отандасымыздан бес сантиметрге биік секірді. Қола медальды американдық Джо Дайпал еншіледі.

1993 жылы дәл сол Егоров тәуелсіз Қазақстанға жабық ғимараттағы әлем чемпионатының алғашқы жүлдесін әперді. Канаданың Торонто қаласында жалауы желбіреген жарыста да ол тек өзінің сырлы қарсыласы Гатауллиннен оза алмады. Үшінші сатыға француздық Жан Гальфион табан тіреді.

1995 жылғы доданы Испанияның Барселонасы қабылдады. «Палау Сант Жорди» стадионында өткен жарыста алматылық Игорь Потапович күміс медальды мойнында жарқыратты. Жерлесіміз Украинаның даңқты спортшысы Сергей Бубканы ғана алға жіберді. Тағы бір күмісті Ольга Шишигина иеленді. 60 метрге кедергілер арқылы жүгірген ол кубалық Алиуска Лопеспен мәреге бірдей жетті. Десек те, қосымша көрсеткіштер бойынша Бостандық аралынан келген желаяқтың жолы болды.

1997 жылы Парижде Потаповичке тең келер ешкім табылмады. 5 метр 90 сантиметрлік нәтижемен ол өзге қарсыластарынан қара үзіп кетті. Екінші және үшінші орындарды американдық Лоренс Джонсон мен ресейлік Максим Тарасов еншіледі. 1999 жылы Жапонияның Маэбаси қаласында Шишигина шашасына шаң жұқтырмады. Алматылық ару белгіленген межені 7.86 секундта жүгіріп өтті. Нигериялық Глория Алози күміспен күптелсе, канадалық Кетура Андерсон қолаға қол созды.

Содан кейін Лиссабон, Бирмингем, Будапешт және Мәскеу қалаларында ұйымдастырылған жарыстардан қоржынымыз бос қайтса, 2008 жылы Испанияның Валенсиясында Дмитрий Карпов үшінші орынға табан тіреді. 6 131 ұпай жиған қарағандылық жетісайысшы американдық Брайн Клей мен белоруссиялық Андрей Кравченкодан қалып қойды. Пиреней түбегінде үш қарғып серкіруші Ольга Рыпакова да олжаға кенелді. Ол қола медальды мойнына ілді. Сәл кейінірек Шығыс Қазақстан облысының өкілі тағы екі рет үздіктер санатынан көрінді. Рыпакова 2010 жылы Дохада алтыннан алқа тақса, 2012 жылы Ыстанбұлда күміс медальды қанағат тұтты.

2014 жылы Сопот, 2016 жылы Портленд және 2018 жылы Бирмингемдегі бәсекеде Қазақстанның бірнеше спортшысы бақ сынағанымен, олардың ешбірінің бағы жанбады. 2020 жылы Нанжинде шымылдығы түрілуге тиіс дүбірлі дода күллі әлемді жайлаған коронавирустың кесірінен өтпей қалды. Міне, енді араға тура 10 жыл салып, 24 жастағы Семейдің сұлуы Надежда Дубовицкая өрелі өнерімен өз жанкүйерлерін қуантты.

Сербияда аяқталған әлем чемпионатының жалпыкомандалық есебінде 4 алтын, 3 күміс және 2 қоланы олжалаған Эфиопия құрамасы алдына жан салмады. Осылайша, қара құрлық өкілдері алғаш рет осындай орасан зор табысқа қол жеткізді. Екінші орында – АҚШ. Американдық өрендер 3 алтын, 7 күміс және 9 қоланы иеленді. Үшінші сатыға Бельгия жайғасты. Олардың қоржынында қос алтын медаль бар. Үздік бестікті Швейцария (1+2+0) мен Швеция (1+1+1) түйіндеді. Аталған жарыста 20 мемлекеттің әнұраны шырқалып, барлығы 31 елдің туы биікте желбіреді.

СОҢҒЫ МИНУТ ОЙЫН ТАҒДЫРЫН ШЕШТІ

ФУТБОЛДАН ЕЛІМІЗДІҢ 21 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖАСТАР ҚҰРАМАСЫ ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫ ІРІКТЕУ ТУРНИРІНДЕ ӨЗ АЛАҢЫНДА ШОТЛАНДИЯМЕН КЕЗДЕСТІ.



Төреші ысқырығы естіле сала екі елдің жастар құрамасы алаңда белсенді болғанымен, есепті алғашқы болып шотландиялық футболшылар ашты. Ойынның 25-минутта ұтымды сәттердің бірінде Рос Грахам мергендік танытып, командасын алға шығарды. Екінші кезеңде шотландиялық тағы бір ойыншы Том Клейтон өз құрамасының басымдығын арттыра түсті, есеп – 2:0.

Ал 71-минутта Еркебұлан Сейдахмет пенальтиден есеп айырмасын қысқартса, 95-минутта Абылайхан Жұмабек таразы басын теңестірді. Осылайша, Қазақстан жастары Шотландиямен 2:2 есебімен тең түсіп, іріктеу кезеңіндегі алғашқы ұпайына қол жеткізді.

Айта кетсек, іріктеу турнирінде Қазақстан жастар құрамасы I тобында Бельгия, Дания, Шотландия және Түркиямен сынға түсуде. Әзірге алты ойыннан кейін бір ғана ұпайға ие болды.

Турнир кестесінде көш соңында тұрған еліміздің жастар құрамасы 4 сәуірде сырт алаңда Даниямен шеберлік байқасса, 10 маусымда тағы да сырт алаңда Түркиямен кездеседі.

Еске салсақ, бұдан бұрын Қазақстан жастары Қырғызстан олимпиадалық құрамасынан 2:0 есебімен басым түскен еді.

ШИРЕК ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЛЕКСАНДР НЕДОВЕСОВ ЖҰПТЫҚ СЫНДА ИСПАНИЯДАҒЫ МАРБЕЛЬЯ ЧЕЛЛЕНДЖЕР ТУРНИРІНІҢ ШИРЕК ФИНАЛЫНА ШЫҚТЫ.

Жарыстың бірінші ракеткасы болып тіркелген Александр Недовесов пен пәкістандық Айсам Куреши бастапқы кездесуін бразилиялық Рафаэль Матос – испаниялық Давид Вега-Эрнандеспен өткізді. ҚТФ баспасөз қызметінің мәліметінше, қазақстандық-пәкістандық жұп 6:3, 6:4 есебімен жеңіске жетті. Недовесов пен Куреши 1 сағат 22 минутқа созылған бәсекеде 5 брейк-пойнттың екеуін пайдалана білді. Олардың ширек финалдағы қарсыластары кейін анықталады.

Португалияның Оэйраш қаласында өтіп жатқан челленджер жарысында жекелей сында Дмитрий Попко алғашқы кездесуінде италиялық Лусиано Дардериден 3:6, 2:6 есебімен ұтылып қалды. Ал Тимофей Скатов екінші айналымда Бразилияның бірінші, әлемнің 116-ракеткасы Тьяго Монтейроға тартысты матчта есе жіберді – 7:6 (7:5), 2:6, 6:7 (4:7).

НИКИША – ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

ШОРТ-ТРЕКТЕН ЕРЛЕР АРАСЫНДА 500 М ҚАШЫҚТЫҚ БОЙЫНША ЕЛ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ.

Елордада шорт-тректен Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. Жарыстың екінші күнінде ерлер арасында 500 м қашықтық бойынша жеңімпаз бен жүлдегерлер есімі белгілі болды.

Ерлер арасында Павлодар облысының өкілі Денис Никиша топ жарды. Батысқазақстандық Нұртілек Қажығали екінші болса, павлодарлық Еркебұлан Шамұханов үздік үштікті түйіндеді.

АУЫР АТЛЕТТЕР ВАДА-НЫҢ «ҚАҺАРЫНА» ҰШЫРАП ОТЫР

АУЫР АТЛЕТИКА. АТАЛҒАН СПОРТ ТҮРІНІҢ ТӨБЕСІНЕН ҚАРА БҰЛТ ҮЙІРІЛЕ БЕРДІ-АУ. ӨТКЕН АПТАДА СПОРТСҮЙЕР ҚАУЫМДЫ ДҮРЛІКТІРГЕН БІР ОҚИҒА ОРЫН АЛДЫ. ОЛ 2016 ЖЫЛЫ БРАЗИЛИЯНЫҢ РИО-ДЕ-ЖАНЕЙРО ҚАЛАСЫНДА АЛАУЫ ТҰТАНҒАН XXXI ЖАЗҒЫ ОЛИМПИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ АУЫР АТЛЕТТЕР САЙЫСЫНДА 77 КГ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСІНДЕ КҮШ СЫНАСҚАН НИЖАТ РАГИМОВТІҢ АЛТЫН МЕДАЛЬДАН АЙЫРЫЛУЫ ЕДІ. СОНЫМЕН ҚОСА, ЖЕРЛЕСІМІЗ 2016 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖЕҢІП АЛҒАН ЖҮЛДЕЛЕРІНІҢ БАРЛЫҒЫНАН ҚАҒЫЛЫП, СЕГІЗ ЖЫЛ МЕРЗІМГЕ ҮЛКЕН СПОРТТАН ШЕТТЕТІЛДІ.



Әзербайжанда туып-өсіп, кейіннен Қазақстанға қоныс аударған Рагимовтің Рио Олимпиадасында атой салған кезі күні кешегідей көз алдымызда. Жұлқып көтеру жаттығуында барлық қарсыласынан қара үзіп кеткен Нижат әлемдік рекордты жаңартты. Ал серпе көтерудегі соңғы мүмкіндігін сәтті пайдаланғаннан кейін Қап тауы бөктерінде кеңінен тараған лезгин биін билеп, «Риоцентро» кешеніне жиналған көрермендердің зор қошеметіне бөленген еді. Қоссайыстың қорытындысы бойынша 379 кг салмақты еңсерген ол бас жүлдені қанжығасына байлады. Олимпия ойындарының екі дүркін жеңімпазы, үш дүркін әлем чемпионы, қытайлық Люй Сяоцзюнь күміс медальды қанағат тұтса, әлем біріншілігінің екі дүркін күміс жүлдегері, мысырлық Мұхаммед Махмұд қолаға қол созды.

Арада алты жыл өткен соң Нижаттың еңбегі жоққа шықты. Допингке қарсы күрес агенттігі (ВАДА) қазақстандық спортшыны «рұқсат етілмеген дәрі-дәрмек пайдаланған» деп айыптап, оған қатаң жаза қолданды. Рагимовтің өзі бұл айыпты негізсіз деп есептейді. Күні кеше ғана БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында ол тиісті органдарға шағымданып, өзінің «таза» екенін дәлелдеу үшін соңына дейін баратынын мәлімдеді. Алайда одан бір нәрсе өзгереді дегенге сену қиын. Өйткені бұған дейін де дәл осындай қиын жағдайға тап болған бір топ зілтемірішілер сондай әрекеттерге барған. Тіпті қыруар қаржы жұмсап, халықаралық ұйымдардың көмегіне жүгінгендер де бар. Бірақ одан ештеңе өнбеді. ВАДА-ның шешімі өзгерісссіз қалды.

Егер допинг дауына ілікпегенде, тәуелсіздік алған кезеңнен бері Олимпиада чемпионы деген дардай атағы бар Қазақстанның ауыр атлеттерінің саны жетіге жететін еді. Тарқатып айтсақ, 2008 жылы Бейжіңде Илья Ильин теңдессіз өнерімен танылып, бас жүлдені олжалады. 2012 жылы Лондонда Ильиннен бөлек, Зүлфия Чиншанло, Майя Манеза және Светлана Подобедова алтын тұғырдан қол бұлғады. 2016 жылы Рио-де-Жанейрода Нижат Рагимов қарсылас шақ келтірмеді. Бірақ сол зілтемірішілердің барлығына «допинг қолданды» деген айып тағылды. Жоғарыда аталған жарыстарда жүлдегерлер қатарынан көрінген Ирина Некрасова мен Мария Грабовецкая да дәл сондай жағдайға душар болды. Сонымен қатар атақты Владимир Седов әлем чемпионаттарында жеңіп алған барлық жүлделерінен айырылды. Оның арасында 2009 жылы Гоянгтағы бас жүлде де бар. 2015 жылы Вроцлавта өткен дүниежүзілік додада күміс пен қола медальды қоржынға салған қазақтың қос қыраны – Алмас Өтешов пен Жасұлан Қыдырбаев та ВАДА-ның «қаһарына» ұшырады.

Осылайша, тәуелсіз Қазақстанның ауыр атлетика тарихында жалғыз Олимпиада чемпионы қалды. Ол – Алла Важенина. Негізі Алла Ресейдің Қорған облысына қарасты Шадринск қаласында дүниеге келген. Сол жақта жаттығып, елеулі табыстарға қол жеткізді. Ресейдің ұлттық құрамасы сапына іліге алмаған соң Важенина біздің елді жағалады. Бейжің Олимпиадасында 75 кг салмақ дәрежесінде бақ сынаған ол күміс медальды иеленді. Бірақ бұл қыздың бағы бар екен. Арада сегіз жыл өткенде алтыннан алқа таққан қытай спортшысы Цао Лэйдің допинг қолданғаны анықталды. Соның арқасында Алла Важенина ресми түрде Олимпия ойындарының жеңімпазы ретінде танылып, «мәңгі тозбас» атаққа қол жеткізді.

Иә, допинг дауы «тау көтерген» толағайлардың талайының бағын байлады. Ең өкініштісі, сол саңлақтар жүлдеден ғана айырылып қоймай, жылдар бойы тірнектеп жиған бедел мен абыройдан да жұрдай болды. Қазіргі кезде Олимпия ойындарында жүлде алған ауыр атлеттер тізімінен санаулы ғана отандасымыздың есімдерін кезіктіруге болады. 2008 жылы Қытайда Алла Важенинаның алтыннан алқа таққанын жоғарыда айттық. Оның алдында – 1996 жылы Атлантада Анатолий Храпатый күміс алды. Даңқты жерлесіміздің күші тек Грекияның туы астында өнер көрсеткен грузиялық алып Акакиос Какиашвилиске жетпеді. 2004 жылы Афинада Сергей Филимонов дәл сол межеден көрінді. Ол Түркияның тастүлегі Танер Сагырдан қалып қойды. 2012 жылы Лондонда Анна Нұрмұхамбетова қолаға қол созды. 2016 жылы Рио-де-Жанейрода бағы жанғандар тізімінде бес жерлесіміз бар. Олар – Жазира Жаппарқұл (күміс), Карина Горичева, Фархад Харки, Денис Уланов және Александр Зайчиков (қола). 2021 жылғы Токиодағы додада Игорь Сон мен Зүлфия Чиншанло үшінші орындарды еншіледі.

Міне, 1996-2021 жылдар аралығында алауы тұтанған Олимпия ойындарында жеңіс тұғырына көтерілгендер арасында Қазақстанның 11 зілтемірішісі бар. Негізінде бұл да жаман нәтиже емес. Осы көрсеткіштің арқасында талай мүйіздері қарағайдай мемлекеттерден озып тұрмыз. Бірақ оған тоқмейілсуге болмайды. Өйткені «қадалған жерінен қан алатын» ВАДА қай күні есігіңді қағатынын білмейсіз. Бәлкім, ертең немесе басқа күні аталған ұйымның «жаналғыштары» сау етіп келе қалса, тағы қаншама толағайларымыздың тұғырдан таятыны бір Аллаға ғана мәлім...

Бетті дайындаған – Заңғар КЕРІМ

Рахат ЖАҚСЫБАЙ,
Ұлттық спорт қауымдастығының атқарушы директоры:

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ БИЫЛ ТҮРКИЯДА ӨТЕДІ

– Рахат мырза, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы өтті. Осы тұста ұлттық спортты насихаттауға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды ма?

– Карантиндік шектеулер алынып, енді-енді толыққанды қалыпты өмір тіршілігіне түсіп келе жатырмыз ғой. Екі жылдан бері биыл ғана көктем мерекесі өңір-өңірде жалпыхалықтық іс-шара болып өтті. Облыс орталықтарында, ауыл-ауылда өтетін мерекелік іс-шараларда ұлттық ойындардың болуы – бұрыннан қалыптасқан дәстүр. Сондықтан жер-жерде, өңір-өңірде өтетін мерекелік іс-шараларда әдеттегідей дәстүрлі ойындарымыз көрініс тапты.

– Биыл қандай жарыстарды өткізуді жоспарлап отырсыздар?

– Пандемияға байланысты 2019 жылдан бері ұлттық спорт түрлерінен халықаралық жарыстарымыз болмады. Биыл, бұйыртса, тұрақты өтетін елішілік чемпионат, турнирлерімізден бөлек, төрт бірдей халықаралық жарыс ұйымдастыру ниетіміз бар. Олар – көкпардан II әлем чемпионаты, аударыспақ пен теңге ілуден Азия чемпионаттары және жамбы атудан «Алтын жебе» әлем чемпионаты. Алғашқы екеуін күзде Шымкентте, соңғы екеуін жазда елордамызда өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл жарыстарға тікелей пандемияның әлемдегі жағдайы әсер етеді. Бәрі дұрыс болады деп үміттенеміз.

– Қырғыз ағайындар Көшпенділер ойынын бастап еді. 2020 жылы Түркияда өтеді деп жоспарланған. Бірақ ковидке байланысты шегеріле берді. Биыл осы дода жалғаса ма?

– Ақпан айында Түркі мемлекеттері ұйымының хатшылығынан ресми ақпарат келді. IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын биыл 29 қыркүйек пен 2 қазан аралығында Түркияның Изник қаласында өткізу жоспарланған. Екі жыл қатарынан кейінге шегерілген ойындардың бағдарламасы, спорт түрлері сәуір айында өтетін кеңесте нақтыланады. Бұған дейін бұл жобаны үш мәрте Қырғызстан ұйымдастырған. Негізгі тәртібі бойынша ойын Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдерге ауысып отыруы керек.

– Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы президенті Бекболат Тілеухан қызметін Түркияда жалғастыратынын мәлім еткені бар. Осы ретте Түркиямен бірлесіп қандай жобаларды қолға аласыздар?

– Наурыз айының алғашқы аптасында Әзербайжанның Баку қаласында өткен Бүкіләлемдік этноспорт конфедерациясының V Этноспорт форумына қатысып келдік. Бұл шара биыл әлемнің 40-тан аса мемлекетінен келген 150-ге тарта делегат екі күн бойы дәстүрлі ойындар мен спорттың өзекті проблемалары мен оларды шешу жолдарын талқылады.

Конфедерацияның штаб-пәтері Ыстанбұлда орын тепкен. Ұлттық спорт қауымдастығы 2019 жылдан бері аталған ұйымның толыққанды мүшесі. Алдағы уақытта этноспорт ұйымының жылдық жиыны өтеді. Қазіргі уақытта негізгі атқаратын жұмыстың бірі Көшпенділер ойындарын ұйымдастыруға қатысты болмақ. Бұдан бөлек, ұлттық спорт түрлерін насихаттау бағытында ұйымға мүше елдермен өзара екіжақты, үшжақты келісілген жобаларымыз бар.

– Осыдан төрт-бес жыл бұрын ұлттық спортқа жақсы көңіл бөлініп еді. Қазір баяулап қалғандай. Бұған қаржы қолбайлау болып тұр ма?

– Дұрыс айтасыз, бірнеше жыл бұрын біздің елде әртүрлі ауқымды іс-шаралар көп еді. Мәселен, көкпардан тұңғыш әлем чемпионаты ЭКСПО көрмесі аясында өткен болатын. Бәрі де салыстырмалы. Қазір 30-дан аса елдің дәстүрлі ойын федерациясымен байланыстамыз. Сондағы байқағаным, біздің елдегі сияқты ұлттық ойындары спорт деңгейіне көтерілген ел кемде-кем. Бүгінде біздің танымал, кең тараған ұлттық ойындарымыздың барлығында ұлттық спорт статусы бар.

Көкпарыңыз да, жамбы атуыңыз да олимпиадалық спорт түрлері секілді мемлекет тарапынан спорт түрі ретінде танылған. Чемпионат жарыстары тұрақты өтеді. Демеушілер жүлде тағайындайды. Үш деңгейлі (ересектер, жастар, жасөспірімдер) ұлттық құрама жасақталған. Еліміз бойынша ұлттық спорт түрлеріне бағытталған 20-ға тарта жасөспірімдердің спорт мектебі, клубтар жұмыс істейді. Соңғы екі жылда негізгі қолбайлау – ол карантиндік шаралар. Әйтпесе, чемпионат, турнирлеріміз тұрақты өтіп келеді. Осы күндері Алматы облысы көкпар мен аударыспақтан жастар чемпионатын қабылдауда.

Әңгімелескен – **Бек ТӨЛЕУ**

«ТАЙҚАЗАННЫҢ» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РМҚК ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ТАЙҚАЗАН» ТУРНИРІ ӨТТІ.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында «2022 жыл – Балалар жылы» аталуына орай «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының ұйымдастыруымен өткен жарысқа Алматы, Шымкент қалалары мен Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарынан 2005-2008 жылдар аралығындағы жас спортшылар қатысты.

Салмақ дәрежесіне қарай қызыл кілемде белдескен жеңімпаз балуандарға арнайы диплом мен жүлделер және турнирге қатысқан барша спортшыға спорттық киімдер тапсырылды.

Талғат ОРАЗОВ,
«Әзірет Сұлтан» музей-қорығының ғылыми қызметкері

42 кг		
1	АБДУЖАЛАЛ Б.	ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ
2	ШЕРЕХАН Н.	ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ
3	САЗАМБАЙ Р.	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
3	БАТЫРХАН Ж.	ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

50 кг		
1	САҒАТАЙ Б.	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
2	МҰҚАШ Е.	ОТЫРАР АУДАНЫ
3	ИСАХАНОВ Н.	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
3	АРИПОВ Э.	ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

55 кг		
1	ДУЛАТОВ А.	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
2	ДОСТАЙ М.	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
3	СЛАМБЕК Ж.	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
3	САПАР С.	БӘЙДІБЕК АУДАНЫ

+82 кг		
1	ШАЛҒЫНБАЙ Н.	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
2	ЕРГЕШБАЙ Н.	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
3	ТҰРСЫНӘЛІ С.	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
3	МАҚҰЛБЕК КЕНЕН	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ТЕННИС

ГЕРМАНИЯҒА ҚАРСЫ КІМДЕР КОРТҚА ШЫҒАДЫ?

14-16 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА НҰР-СҰЛТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫНДА БИЛЛИ ДЖИН КИНГТІҢ КУБОГЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫСТЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЗАҚСТАН МЕН ГЕРМАНИЯ ҚҰРАМАЛАРЫ ӨЗАРА ШЕБЕРЛІК СЫНАСАДЫ. ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ АТАЛҒАН БӘСЕКЕДЕ ҚОС КОМАНДАНЫҢ ҚАНДАЙ ҚҰРАМДА ӨНЕР КӨРСЕТЕТІНІ БЕЛГІЛІ.

Кезінде әйелдер арасындағы бұл жарыс Федерация кубогы деп аталатын. 2020 жылы оған АҚШ-тың әйгілі теннисшісі, белгілі қоғам қайраткері Билли Джин Кингтің есімі берілді. Ол 1960-1983 жылдар аралығында өнер көрсетіп, бірер жыл бойы әлемнің бірінші ракеткасы деген мәртебелі атаққа ие болды. Алты рет Уимблдонды ұтып, US open турнирінде бес мәрте топ жарды. Аустралияның ашық біріншілігінде алдына жан салмай, Ролан Гарроста да дара шықты. Жекелеген, жұптық және аралас жұптар сайыстарын қоса алғанда Кинг «Үлкен дулыға» санатындағы жарыстарда 39 рет жеңімпаз атанды.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, аталған турнирде ең көп олжаға кенелген АҚШ құрамасы екенін аңғарамыз. Американдықтар 18 мәрте бас жүлдені олжалады. Чехия теннисшілері 11 рет теңдессіз деп танылса, жеті жарыста Аустралия арулары алдына жан салмады. Сондай-ақ Испания мен Ресей – бес, Италия – төрт, Франция – үш, Германия – екі, Бельгия, Словакия және ОАР бір-бір реттен теңдессіз деп танылды.

Біздің іріктеу турниріндегі қарсыласымыз – Германия құрамасы жарты ғасырдан аса уақыт осы жарыста өнер көрсетуде. Олар 1987 және 1992 жылдары Билли Джин Кинг кубогын иеленді. Сол даңқты команданың сапында Штеффи Граф, Клаудиа Коде-Кильш, Анке Хубер, Барбара Риттнер сынды аттары аңызға айналған теннисшілердің ойнағанын көзіқарақты көрермендер жақсы біледі. Тағы бес турнирде немістер финалға шыққанымен, шешуші тұста қарсыластарына есе жіберді. Соңғы рет олар 2014 жылы Прагада өткен жарыстың ақтық сынында Чехиядан 1:3 есебімен ұтылды.

Сәуір айының бел ортасында Нұр-Сұлтанда өтетін бәсекеде Германияның намысын Анжелика Кербер, Андреа Петкович, Юле Нимайер, Анна-Лена Фридзам және Лаура Зигемунд сынды ойыншылар қорғайды. Бұлардың барлығының де есімі жанкүйерлерге жақсы таныс. Мәселен, 34 жастағы Кербер кезінде әлемнің бірінші ракеткасы атанса, бұл күндері WTA тізімінде 15-орынды иеленуде. 2016 жылы ол Аустралия мен АҚШ-тың ашық біріншіліктерінде топ жарды. Рио Олимпиадасында күміс медальды олжалады. 2018 жылы Уимблдонда дара шықты. Анжелика 2014 жылы Германия құрамасы сапында дәл осы жарыстың күміс жүлдегері атанды. Әлемдік рейтингте 62-орында тұрған Петковичтің де жасы 34-те. Тасы өрге домалап тұрған кезінде ол Ролан Гарростың жартылай финалына дейін жетіп, WTA жарыстарында жеті мәрте жеңімпаз атанды. 22 жастағы Нимайер үздіктер тізімінде 111-орынды еншілеуде. Ол болашағынан зор үміт күттіріп отырған аса дарынды теннисшілердің бірі. Фридзам мен Зигемунд та түрлі халықаралық додаларда бақ сынап, үлкен тәжірибе мектебінен өткен мықты ойыншылар.

Германияға қарсы кездесуде Қазақстан құрамасы сапында Елена Рыбакина (жекелеген рейтингте 20-орында), Анна Данилина (жұптық рейтингте 22-орын), Юлия Путинцева (жекелеген рейтингте 47-орында), Зарина Диас (жекелеген рейтингте 110-орында) және Жібек Құламбаева (жұптық рейтингте 297-орында) кортқа шығады.

ШЕМОНАИХА АУДАНЫНЫҢ СЕГІЗ АУЫЛЫНДА СПОРТ НҰСҚАУШЫСЫ БАР

ЖАҚЫНДА ШЕМОНАИХА АУДАНЫНДА БОЛҒАНЫМЫЗДА АУДАНДЫҚ ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ РИШАТ ФАЙЗУЛЛАҰЛЫ АХМЕТОВКЕ ЖОЛЫҒЫП, ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ БАҒЫТЫНДА АТҚАРЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЙЛЫ СҰРАҒАН ЕДІК.

– Ришат Файзуллаұлы, Президент өз Жолдауында «Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды», деп баса айтты. Демек, әрбір ел азаматы бұл жолдаудан үміт күтеді, шамасы келгенше, қай салада қызмет етсе де, өз үлесін қосуы керек. Мейлі мәдениет, спорт саласы болса да. Кешегі Токио, Бейжің Олимпиада ойындары біздің елімізде спорт саласының алға емес, артқа шегініп бара жатқанын дәлелдеді. Яғни спортқа түбегейлі өзгеріс қажет. Спортшылар мен бапкерлер өз жоспарын қайта құрып, жаңа Қазақстанды құруда ізденіс пен ілкімділік танытулары қажет. Сіз не айтар едіңіз?

– «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы». Яғни бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Аудан әкімі Григорий Акулов жолдаудан туындайтын міндеттер, алда атқаратын жұмыстар жайлы кездесуде айтты. Ауданда бұқаралық спорт жақсы жолға қойылған. Бұл күндері аудан халқының 33 пайыз тұрғыны бұқаралық спортпен шұғылдануда. Жыл басында ауданда денешынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған өңірлік бағдарлама қабылданған болатын. Сол бойынша бағытты іс-жоспар жүзеге асуда. Ең басты жаңалық, жаңа жылдан бастап ауданның сегіз ауылдық округінде спорт нұсқаушысы лауазымы ашылып, жұмыс жүргізе бастады. Спорт нұсқаушысы ауыл әкімі және бізбен тығыз бірігіп жұмыс істейді, ақыл-кеңес алып тұрады. Бұқаралық спорт жарыстарын жоспарлы, жүйелі жүргізуге назар аударады.

– Керемет жаңалық екен. Қалған ауылдық округтерде де спорт нұсқаушысы лауазымы енгізілетін шығар?

– Әрине. Аудандық мәслихаттың сессиясында бұл мәселе оң шешілер деген үміт бар. Өңірдің басқа аудандарының елді мекендері де біздің бұл бастамамызға қызығушылық танытуда. Шырайлы Шығыстың ауыл спорты жанданады деген ойдамын.

Дене тәрбиесі бойынша оқу сабақтарын өткізу және денешынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру үшін ауданда 119 спорт ғимараты бар, 3 стадион, 29 спорт залы, 9 жапсарлас зал, 3 спорт кешені, 5 шаңғы базасы, бір атыс тирі, 63 жазық құрылыс алаңы, 5 хоккей қорабы, бір спорттық манеж жұмыс істеп тұр. 72 денешынықтыру ұжымдарында 13 586 адам жаттығады. Ауданда ШҚО ДШ және СБ БЖСМ КММ өз жұмысын жалғастыруда, спорттың 7 түрі бойынша 35 топ жұмыс істейді. Олар: волейбол, акробатика, дзюдо, жеңіл атлетика, футбол, шаңғы жарысы, еркін күрес. Мұнда 538 адам шұғылданады, ал жаттықтырушылар саны 14 адам.

– Басқа ұлттық спорт түрлері жайлы не айтар едіңіз?

– Бізде ат спорты жақсы жолға қойылған. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін халық ойындарында саңлақтарымыз бәйге, аударыспақ, көкпарда жүлде алып жатады. Қазақша күрес, дзюдо, қол күресі, президенттік көпсайыс, күштік спорт түрлері, басқа спорт түрлері бойынша 35 топ жұмыс істейді. Қарттарға арналған «Денсаулық тобына» жазылушылар саны жыл сайын өсіп келеді. «Жұлдыз» спорт клубында 19 жаттықтырушы бар. 2020 жылдан бүгінге дейін ауданда 148 іс-шара өткізілді, оның ішінде аудандық, республикалық және халықаралық жарыстар бар.

Мүмкіндігі шектеулі жандар да спортты өздеріне серік еткен. Олар шахмат, жеңіл атлетика, пауэрлифтинг, қол күресі, үстел теннисі, басқа да спорт секцияларына барып, алаңсыз, тегін жаттығады, аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, жүлде алып жүргендері де бар. Қазіргі күні 44 адам, оның ішінде 38-і ауылдық жерде спортты өздеріне серік еткен. Аудан әкімі Г.И.Акулов мүмкіндігі шектеулі спортшыларға барлық жағдайды жасауда. Мәселен, басқа қалаларда өтетін жарыстарға қатысатын саңлақтарға демеушілер есебінен қаражат тауып береді.

– Ауданның атақ-даңқын шығарып жүрген спортшылар қатарында кімді айтар едіңіз?

– Шаңғышы Иван Люфт Алматыда өткен студенттердің қысқы Универсиадасында алтыннан алқа тақты. Жақында ғана Қазақстан Республикасының V қысқы спартакиадасында бір өзі 2 алтын, күміс және қола алқаны иеленді. Ол ол ма, Иван Люфт 2019 жылы Ресейдің Красноярск қаласында жалауы желбіреген XXIX қысқы Универсиадада Қазақстан құрамасы сапында эстафеталық жарыста күміс медальға қол жеткізді.

Выдриха ауылындағы Уба шипажайында фельдшер болып қызмет ететін Жасұлан Тлеубердин деген азаматпен жақында танысудың сәті түсті. Ауылда еркін күрес секциясын ашып, баптап жүрген Жасұланның шәкірттері байрақты сайыстарда сан мәрте жүлде терді. Жасұланның өзі де, жұбайы Мереке де, үш қызы да спортпен шұғылданады екен. Жасұлан еркін күрестен ел біріншілігінде, облыстық жарыстарда сан мәрте жүлдегер атанса, жұбайы Мереке қол күресінен облыстың бірнеше рет чемпионы атаныпты. Қыздары да спорт десе ішкен астарын жерге қояды. Оның жөні бар. Әке-шешесі бірдей спортты өмірлік серігі санайды, қыздарының да биік белестерді бағындыруын қалайды. Айсұлу еркін күрестен облыстың жеті дүркін чемпионы. Айым үш дүркін жеңімпаз. Міне, бұқаралық спорттың нәтижесі осындай. Ж.Тлеубердин, А.Каримов, А.Колтубаев, В.Захарченко сияқты жаттықтырушылардың шәкірттері Талант Мадетов, Г.Трубачев, Д.Сәкенов, Д.Сембай, В.Митрополия біздің мақтанышымыз.

Жолдаудан туындайтын тағы бір жаңалық, аудан орталығында денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып қалды. Бұл кешенде барлығы бар. Бір мезетте 300 адамға қызмет көрсете алады. Жаңа спорт кешені саламатты өмір салтын насихаттауға, жастарды спортқа баулуда маңызды орын алатыны сөзсіз. Қысқасы, шемонаихалықтар бұқаралық спортты өркендету арқылы өз денсаулықтарын жақсартып, ел игілігі үшін жемісті еңбек ете бермек.

Әңгімелескен –
Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақ спорты» газетінің
Шығыс Қазақстан облысындағы
меншікті тілшісі

ФУТБОЛ. 2022 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ OLIMPBET-ЧЕМПИОНАТЫ, OLIMPBET-КУБОГЫ, OLIMPBET-СУПЕРКУБОГЫНЫҢ КҮНТІЗБЕСІ *(БІРІНШІ АЙНАЛЫМ)*

IV тур
3 сәуір (жексенбі)
Қызылжар – Ақсу
Каспий – Ордабасы
Тараз – Атырау
Мақтаарал – Астана
Ақтөбе – Шахтер

4 сәуір (дүйсенбі)
Ақжайық – Қайрат
Тобыл – Тұран

V тур
9 сәуір (сенбі)
Ордабасы – Тобыл
Атырау – Ақжайық
Қайрат – Каспий

10 сәуір (жексенбі)
Тұран – Қызылжар
Астана – Тараз
Ақсу – Ақтөбе
Шахтер – Мақтаарал

VI тур
16 сәуір (сенбі)
Тұран – Ордабасы
Қызылжар – Ақтөбе
Каспий – Атырау
Тобыл – Қайрат
Ақжайық – Астана

17 сәуір (жексенбі)
Мақтаарал – Ақсу
Тараз – Шахтер

VII тур
22 сәуір (жұма)
Астана – Каспий
Атырау – Тобыл

23 сәуір (сенбі)
Ордабасы – Қызылжар
Қайрат – Тұран
Шахтер – Ақжайық
Ақтөбе – Мақтаарал
Ақсу – Тараз

VIII тур
26 сәуір (сейсенбі)
Тобыл – Астана
Ордабасы – Қайрат

27 сәуір (сәрсенбі)
Қызылжар – Мақтаарал
Тараз – Ақтөбе
Тұран – Атырау
Ақжайық – Ақсу
Каспий – Шахтер

IX тур
1 мамыр (жексенбі)
Атырау – Ордабасы
Астана – Тұран

2 мамыр (дүйсенбі)
Шахтер – Тобыл
Қайрат – Қызылжар
Ақсу – Каспий
Ақтөбе – Ақжайық
Мақтаарал – Тараз

X тур
7 мамыр (сенбі)
Қызылжар – Тараз
Қайрат – Атырау
Тобыл – Ақсу
Ордабасы – Астана

8 мамыр (жексенбі)
Ақжайық – Мақтаарал
Тұран – Шахтер
Каспий – Ақтөбе

XI тур
14 мамыр (сенбі)
Атырау – Қызылжар
Шахтер – Ордабасы
Астана – Қайрат
Ақсу – Тұран
Ақтөбе – Тобыл

15 мамыр (жексенбі)
Мақтаарал – Каспий
Тараз – Ақжайық

XII тур
21 мамыр (сенбі)
Ордабасы – Ақсу
Қайрат – Шахтер
Атырау – Астана
Тұран – Ақтөбе

22 мамыр (жексенбі)
Қызылжар – Ақжайық
Каспий – Тараз
Тобыл – Мақтаарал

XIII тур
25 мамыр (сәрсенбі)
Шахтер – Атырау
Ақсу – Қайрат
Ақтөбе – Ордабасы

26 мамыр (бейсенбі)
Мақтаарал – Тұран
Тараз – Тобыл
Астана – Қызылжар
Ақжайық – Каспий

30 мамыр – 14 маусым, FIFA күндері

«АСТАНАНЫҢ» АЛҒАШҚЫ ҰПАЙЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ ОЙЫНДАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЕКІ АПТАҒА ҮЗІЛІС АЛҒАН ЕЛІМІЗДІҢ ФУТБОЛ КОМАНДАЛАРЫ АЛДАҒЫ ЖЕКСЕНБІДЕ ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНЫҢ 4-ТУРЫН ӨТКІЗЕДІ. ҰЛТТАР ЛИГАСЫНЫҢ ПЛЕЙ-ОФФ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДА КОМАНДАЛАР ПРЕМЬЕР-ЛИГАНЫҢ 3-ТУРЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ. БҰЛ ТУРДА ҚАТАРЫНАН ЕКІ РЕТ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТЫ» ОЙЛАМАҒАН ЖЕРДЕН ӨЗ АЛАҢЫНДА ҰПАЙ ЖОҒАЛТТЫ. АЛМАТЫЛЫҚТАР «ТАРАЗ» КОМАНДАСЫН ҚАБЫЛДАП, 1:1 ЕСЕБІМЕН ТЕҢ ТҮСТІ. СОНДАЙ-АҚ, ЕЛОРДАЛЫҚ «АСТАНА» КЛУБЫ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСТЕРІН ТОЙЛАДЫ. ОЛАР «АСТАНА АРЕНА» СТАДИОНЫНДА «АҚТӨБЕНІ» ЖЕҢДІ – 1:0.

МУХАНОВҚА ТЫҚЫР ТАЯДЫ

3-турдың орталық кездесулерінің бірінен саналған «Астана» мен «Ақтөбе» арасындағы матч елордалық команданың жеңісімен аяқталды. Ойын тағдырын 9-минутта Аслан Дарабаевтың соққан голы шешті.

Жақын арада «Ақтөбенің» бас бапкері Владимир Муханов отставкаға кетіп жатса таңғалудың қажеті жоқ. Маусымаралық үзілісте команда құрамын әжептеуір күшейткен «Ақтөбе» әзірге жанкүйерлерінің сенімінен шыға алмауда. Күн өткен сайын Владимир Мухановқа да жанкүйерлердің наразылығы күшейіп келеді. Ұзынқұлақтың айтуынша, команда басшылары бас бапкерге нақты тапсырма беріп, жағдайды түзетуге белгілі бір уақыт берген. Егер келесі турда «Ақтөбе» өз алаңында «Шахтерді» ұта алмаса, онда Муханов бас бапкерлік қызметтен кетуі әбден мүмкін.

КАНТЕДЕН БАСҚА КІМ БАР?

«Тараз» клубын қабылдаған Құрбан Бердыев жаттықтыратын «Қайрат» жеңісті серияларын жалғастыра алмады. Алматылықтар ойынның 59-минутында Хосе Кантенің көмегімен есеп ашқан еді. Алайда, он минут өтер-өтпестен тараздық ұжым таразы басын теңестіріп кетті.

Дәл қазіргі таңда «Қайрат» шабуылшыларының арасында Кантеге жететін ойыншы болмай тұр. Үш ойында төрт мәрте қанжығасын майлаған гвинеялық шабуылшы мергендер тізімінде көш бастап тұр. Құрбан Бердыевте дәл қазір Кантеден басқа сенетін шабуылшы жоқ. Былтырғы маусымда жап-жақсы өнерімен көзге түскен Артур Шушеначев алғашқы турдан-ақ Бердыев бапкердің көңілінен шықпады. Соңғы екі ойында негізгі құрамнан орын алған гвинеялық «қара маржан» енді орнын бере қоймас.

Құрбан Бердыевтың әр ойын сайын ойыншыларды көп ауыстыратынын байқадық. «Таразбен» болған матчта ресейлік Виктор Васин мен өзбекстандық Жасурбек Жалолиддиновке орын тауып берді. Бұл екі футболшы Премьер-лигадағы алғашқы ойындарын өткізді.

АҚТАУДЫ «МҰНАЙШЫНЫҢ» ЕЛЕСІ КЕЗІП ЖҮР

«Каспий» клубы тоқсаныншы жылдардың орта тұсында «Мұнайшы» деген атпен ел біріншілігінде бақ сынағаны баршамызға белгілі. «Тараздың» түрленіп, «Елімайдың» екпініне ешкім шыдас бермей тұрған шақта сол «Мұнайшы» кілең мықтылардың ығыстырып, ел чемпионатында төртінші орынға тұрақтаған еді. Тіпті Қазақстан кубогының екі рет жартылай финалына да шықты. Бірақ кейіннен қаржы тапшылығына байланысты команда Бірінші лигаға кетіп, сол кеткеннен бас көтере алмады.

